

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласы «Қуаныш» бөбекжайы» МКҚК

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының  
мазмұнын меңгеру бойынша**

**2023-2024 оқу жылындағы бастапқы мониторинг қорытындысы  
бойынша талдау**

**Барлық жас топтары бойынша талдау**

**Барлығы: 237 бала**

Бөбекжай бойынша бастапқы мониторингке 237 бала катысты, бұл кіші топта-40 бала, ортаңғы топта – 50 бала, ересек топта – 72 бала, мектепалды даярлық топта – 75 бала.

**Кіші топ балаларының барлық саны - 40 бала**

№3 «Бүлдіршін» кіші тобы, №4 «Гүлдер» кіші тобы

**Ортаңғы топ балалардың барлық саны – 50 бала**

№1 «Сұңқар» ортаңғы топ, № 2 «Жұлдыз» ортаңғы топ

**Ересек топ балалардың барлық саны – 72 бала**

№6 «Балапан» ересек тобы,

№7 «Аққу» ересек тобы,

№8 «Құлыншақ» ересек тобы

**Мектепалды даярлық топ балалардың барлық саны – 75 бала**

№5 «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы,

№9 «Қуырмаш» мектепалды даярлық тобы,

№10 «Ботақан» мектепалды даярлық тобы

**Кіші топ балаларының барлық саны - 40 бала**  
№3 «Бүлдіршін» кіші тобы, №4 «Гүлдер» кіші тобы

**Физикалық қасиеттерді дамыту:**

Жоғары деңгей – 0 бала , бұл 0 % құрайды

Орташа деңгей – 22 бала, бұл 55% құрайды

Төмен деңгейі – 18 бала, бұл 45% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- тура жолдың бойымен жүрмейді, доптарды домалатуға тырыспайды
- ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын сақтауға талпынады
- заттардың арасымен жүрмейді

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Бағдарлар арасында "жыланша" жүруге жаттығу, ептілікті дамыту
- Допты домалатуда жаттығу
- Ойын жаттығуы «Қақпаға тигізу!»

**Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:**

Жоғары деңгей – 0 бала , бұл 0 % құрайды.

Орташа деңгей – 9 бала, бұл 22,5 % құрайды

Төмен деңгейі - 31 бала, бұл 77,5 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- дыбыстық тіркестер мен кейбір сөздерді еліктей отырып, айта алмайды
- эмоционалды көңіл-күйді түсінеді және өзінің эмоциясын білдірмейді
- заттардың атын, түсін, мөлшерін, көлемін, орнын біледі, бірақ айта алмайды
- сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін жеткізе алмайды
- екі, үш сөзден тұратын сөйлемді алмайды
- жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітапқа қызығушылық танытпайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Өздігінен сөйлеу қабілетін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар: «Ойыншықтардың сипаттамасы», «Ойыншықтар жиынтығы бойынша сюжеттік әңгіме құрастыру»
- бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді көп тыңдату

**Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту....**

Жоғары деңгей – 0 бала , бұл 0 % құрайды.

Орташа деңгей – 10 бала, бұл 25% құрайды

Төмен деңгейі – 30 бала, бұл 75% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді, бірақ салыстыра алмайды,

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды айыру мақсатында ойындарды күнделікті жұмыста қолдану

**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....**

Жоғары деңгей – 0 бала , бұл 0% құрайды.

Орташа деңгей – 11 бала, бұл 27,5% құрайды

Төмен деңгейі - 29 бала, бұл 72,5% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалата алмайды
- таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдайды, оны соңына дейін ішінара тыңдайды
- музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытпайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- музыкалық шығармаларды сипатын ажытуды үйрету

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ....)**

Жоғары деңгей – 0 бала , бұл 0 % құрайды.

Орташа деңгей –14 бала, бұл 35% құрайды

Төмен деңгейі – 26 бала, бұл 65% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- ересектердің дауысын тыңдайды, олардың қимылдарына еліктейді, бірақ көмекке жүгінеді
- серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай алмайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады.

- табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсінуге қалыптастыру, баланың шығармашылық қиялын дамыту, бейнелі қозғалыстарды дамытуға ықпал ету.
- "Тыңда және тап" еліктеу ойыны.
- Саяхат "Кішкентай жаяу жүргіншінің әліпбиі" иллюстрациялары бойынша әңгіме.
- Біздің көмекшіміз бағдаршам". Ойын тапсырмасы.

## **Ортаңғы топ балалардың барлық саны – 50 бала**

№1 «Сұңқар» ортаңғы топ, № 2 «Жұлдыз» ортаңғы топ

### **Физикалық қасиеттерді:**

Жоғары деңгей – 5 бала , бұл 10% құрайды.

Орташа деңгей –27 бала, бұл 54% құрайды

Төмен деңгейі – 18 бала , бұл 36% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- заттардың бойымен, астымен еңбектеуді орындамайды
- белгілі бір ретпен киінеді және шешіну ретін сақтамайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Қапшықшақтарды оң (сол) қолмен жоғарыдан лақтыру
- Бағдарлар арасында "жыланмен" жүруге жаттығу, ептілікті дамыту
- Допты домалатуда жаттығу
- Ойын жаттығуы " Воротаға тигізу және айналдыру!».

### **Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:**

Жоғары деңгей – 0 бала , бұл 0% құрайды.

Орташа деңгей – 27 бала, бұл 54% құрайды

Төмен деңгейі - 23 бала, бұл 46% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды:
- жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алмайды
- оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтпайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Өздігінен сөйлеу қабілетін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар:
- « Сипаттамасын айт»,
- Ойыншықтар жиынтығы бойынша сюжеттік әңгіме құрастыру,
- бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді көп тыңдату
- Рөлдер бойынша сюжеттік әңгіме құрастыру
- Ойыншықтар туралы жұмбақ сипаттамаларын ойлап табу

### **Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту....**

Жоғары деңгей – 1 бала , бұл 2% құрайды.

Орташа деңгей –25 бала, бұл 50% құрайды

Төмен деңгейі – 24 бала, бұл 48% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алмайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Нысандарды пішіні мен түсі бойынша жіктеу (лото)
- Әр қатардан басқалардан басқа затты табыңыз. (кеңістікті бағдарлау)

**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....**

Жоғары деңгей – 6 бала , бұл 12% құрайды.

Орташа деңгей – 21 бала, бұл 42% құрайды

Төмен деңгейі - 23 бала, бұл 46 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді:
- қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар сала алмайды
- қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгеруге талпынады
- тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, дұрыс айта алмайды, бірақ ойнайды
- музыкалық аспаптарды ажыра алмайды (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ):

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- "Шығармашылық саусақтар" шеберханасы
- музыка жанрларын: эн мен маршты, биді тану үшін ойын арқылы таныстырады: «Көңілді оркестр»,
- қазақ халқының әшекей бұйымдарымен таныстыру: бөбекжайдың «Этнопедагогика» бағытының жоспар бойынша жұмыс

### **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ....)**

Жоғары деңгей – 1 бала , бұл 2 % құрайды.

Орташа деңгей –22 бала, бұл 44 % құрайды

Төмен деңгейі - 27 бала, бұл 54 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды заттармен әрекет етуге талпынады
- дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажырата алмайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- «Баланың қауыпсіздігі» -«Баланың өміріндегі кітап» папка-передвижка
- Әңгіме: «Балаларды байқауға және айтуға үйретіңіз» балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігін беру,

## **Ересек топ балалардың барлық саны – 72 бала**

№6 «Балапан» ересек тобы -24 бала

№7 «Аққу» ересек тобы - 25 бала

№8 «Құлыншақ» ересек тобы – 23 бала

### **Физикалық қасиеттерді:**

Жоғары деңгей – 12 бала , бұл 17% құрайды. /72/100%

Орташа деңгей –45 бала, бұл 63% құрайды

Төмен деңгейі – 15 бала , бұл 21% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- заттардың арасымен еңбектей, өрмелей алмайды және одан түсе алмайды секіре алмайды, лақтырудың қарапайым әдісін меңгергені
- аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, жартылай отырып, кейбір балалар жүре алмайды, сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап кетеді, заттарды айналып, аяқтың ұшымен жүруге талпынады.
- тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа кейбір балалар секіре алмайды, оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтыра алмайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады

- Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру
- Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру
- «Күн мен түн» Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету
- Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып жүру»
- «Мысық пен құстар» Күштілікке, шапшаңдыққа, ептілікке

баулу.

- «Жіптің үстімен доп лақтыру »
- «Допты қолмен итеріп жүру»
- «Лақтыру,қағып алу домалату».

### **Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:**

Жоғары деңгей – 5 бала , бұл 7%құрайды. /72/100%

Орташа деңгей – 45 бала, бұл 63% құрайды

Төмен деңгейі - 22 бала, бұл 31% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді, бірақ қазақша жеткізе алмайды
- оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айта алмайды

- қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздер қиындықты туғызады
- таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алмайды, мазмұнын өз бетінше қайталап айта алмайды.

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру.
- Коммуникативтік дағдыларды дамыту: балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру. ойындар мен жаттығулар: «Логикалық, дидактикалық ойындар»
- «Артикуляция жаттығулары»
- «Дамытушылық ойын»

### **Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту....**

Жоғары деңгей – 12 бала , бұл 17 % құрайды. /72/100%

Орташа деңгей – 44 бала, бұл 61 % құрайды

Төмен деңгейі – 16 бала, бұл 22% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады

- ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыра алмайды
- сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолда алмайды
- тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алмайды;

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асыру.
- математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.
- Сандарды тура және кері санау.
- Логикалық ойындар күнделікті жұмыста қолдану.

### **Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....**

Жоғары деңгей – 17 бала , бұл 24% құрайды. /72/100%

Орташа деңгей – 39 бала, бұл 54% құрайды

Төмен деңгейі - 16 бала бұл 22% құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады

- мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануда
- бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді, бірақ бөліктерді біріктіре алмайды

- жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруге тырысады
- бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауға тырысады
- музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын тыңдайды бірақ түсінбейді.
- әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды, бірақ бірге айта алмайды
- балалар музыка аспаптарын білмейді, оларда ойнайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау.
- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем эстетикалық талғамды дамыту;
- заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту;
- бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды :
- балаларға ән тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну;

### **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру ....)**

Жоғары деңгей – 10 бала , бұл 14 % құрайды. /72/100%

Орташа деңгей –43 бала, 60 % құрайды

Төмен деңгейі - 19 бұл, 26 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады :

- «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді білуге талпынады, кейбір «жақсы» немесе «жаман» әрекеттерді (қылықтар) ажыратуға ұмтылады
- табиғат бұрышын мекендеушілерді ересектің қарауымен бақылайды, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін өз бетінше сақтай алмайды
- тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсінуге талпынады.

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асыру.

"Дамытушылық" ойыны.

"Логикалық" ойыны

«Карточкалар » Ойын тапсырмасы.

**Мектепалды даярлық топ балалардың барлық саны – 75 бала**

№5 «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы – 25 бала

№9 «Қуырмаш» мектепалды даярлық тобы -25 бала

№10 «Ботақан» мектепалды даярлық тобы – 25 бала

### **Физикалық қасиеттерді:**

Жоғары деңгей – 25 бала , бұл 33 % құрайды. /

Орташа деңгей – 34 бала, бұл 46 % құрайды

Төмен деңгейі – 16 бала , бұл 21 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүре алмайды
- аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап, сапта бір-бірінің артынан, әртүрлі бағытта, түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре алмайды
- қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетуде және спорттық ойындардың ережелерін сақтауға тырысады

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- ойындар мен жаттығулар: «Қимылды ойындар»,

Ойын жаттығуы «Икемділік , шыдамдылыққа қатысты жаттығулар»

### **Коммуникативтік қасиеттерді дамыту:**

Жоғары деңгей – 18 бала , бұл 24% құрайды. /

Орташа деңгей – 39 бала, бұл 52% құрайды

Төмен деңгейі - 18 бала, бұл 24 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады, бірақ ойын айта алмайды
- әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді, кейіпкерлерге жанашырлық танытпайды
- оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін анық айта алмайды
- өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды тыңдайды, бірақ түсінбейді

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- ойындар мен жаттығулар: «Әңгіме құрастыр», «Сурет бойынша сипатта» , «Жағдайды әңгімеле», «Ертегі желісін ретімен әңгімеле», сюжеттік әңгіме құрастыру, оқиғаның жалғасын ойлап табу, ұсынылған заттарды қолдана отырып, әңгіме құрастыру

### **Танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту**

Жоғары деңгей – 18 бала , бұл 24 % құрайды. /

Орташа деңгей – 37 бала, бұл 49 % құрайды

Төмен деңгейі – 20 бала, бұл 27 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыра алмайды
- қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатуда
- тәулік бөліктерін ажырата алмайды, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін білмейді
- кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтамайды.

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- «Бұл қай кезде болады?»
- «Қай жерде не бар?»
- «Кеңістікті бағдарлау» ойындар күнделікті жұмыста қолдану

### **Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу қызметін дамыту....**

Жоғары деңгей – 19 бала, бұл 25 % құрайды. /

Орташа деңгей – 40 бала, бұл 54 % құрайды

Төмен деңгейі – 16 бала, бұл 21 % құрайды

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді, бірақ бөліктерді біріктіре алмайды
- жеке заттарды және сюжеттік композицияларды кейбіреулерін салады: ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндей алмайды:
- әнді созып, сөздерін анық айта алмайды, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындай алмайды

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Зейін тұрақтауға қатысты жаттығулар
- Есте сақтауын, бөліктердің пропорцияларын дұрыс орналастыруға икемдеу, музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы көзқарасын білдіруге сипаттауға талпынады, қазақ халқының күйші композиторларды білуге талпынады, музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнауға талпынады, жанрларды үйрету
- Пластилинография және аппликация элементтері бар сюжеттік суретпен жұмыс
- Модульдік аппликация (мозаика)
- Музыкалық-дидактикалық ойын " Мен не ойнаймын?"
- «Музыкалық лото» қимылды және танымдық ойын

### **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**

Жоғары деңгей – 17 бала, бұл 23 % құрайды. /

Орташа деңгей – 39 бала, бұл 52 % құрайды

Төмен деңгейі – 19 бала, бұл 25 % құрайды –

Балалар қандай қиындықтарға тап болады:

- көлік құралдарын атайды, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді атауға білуге талпынады
- тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы түсінуге талпынады
- «дұрыс» немесе «дұрыс емес», кейбір «жақсы» немесе «жаман» әрекеттерді (қылықтар) ажыратуға ұмтылады

Төмен деңгейді көрсеткен балалармен қандай жеке жұмыс жасалады:

- Назар аудару және ойлау ойындар
- Дүниетанымды дамыту ойындар
- Ойлау жылдамдығын дамытуға арналған жаттығулар
- Балаларды халықтық мәдениеттің бастауларымен таныстыру бойынша жұмыс